

**Р.Н. Шойбеков** , **Э.Ә. Өтебаева\*** 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: [elmira\\_abdigali@mail.ru](mailto:elmira_abdigali@mail.ru)

## ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ СЫРМАҚ ӨНЕРІ

Мақалада дәстүрлі қазақ сырмағының қалыптасу тарихы мен жасалу ерекшеліктері, сырмақ түрлері мен олардың атауларының номинациялық принциптері мен этномәдени семантикасы ашып көрсетілген. Сырмақ атаулары мен оған байланысты қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер бұйымның практикалық қолданысынан басқа эстетикалық, этикалық, әлеуметтік қолданыстарды реттеушілік қызмет атқарған ұлттық құндылықтардың бірі болғандығы айқындалды. Дәстүрлі қазақ сырмақтарының пайда болуы мен даму тарихы зерттелді. Сырмақтың түрлері мен құрамдас бөліктеріне, олардың аймақтық, рулық ерекшеліктеріне, материалдарына, қолданылатын орны мен мақсатына, салт-дәстүрге қатысына, технологиялық әдіс-тәсілдеріне қарай материалдар жинақталды. Сырмақтың түрлері мен көркемдеу тәсілдеріне байланысты тілімізде жүздеген атаулардың бар екендігі және олардың біразы қазіргі қазақ тілінің түсіндірме, аймақтық, салалық, энциклопедиялық сөздіктерінде әлі күнге дейін қамтылмай келе жатқандығы айқындалды.

Мақалада сырмақтан басқа да сырып тігілетін киім-кешек, төсек-орын жабдықтары мен ат жабдықтары анықталды. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері түркі әлеміндегі басқа да этностардың өнері мен мәдениетімен тығыз байланыста болғандығы зерттеліп, сырмақ сыру өнерінің даму технологиясы сонау тарихи кезеңдерден бері бой алғандығы сөз етілді. Түркі мәдениетіндегі қазақтың дәстүрлі сырмақ өнерінің көркемдік-танымдық сипатына этномәдени семантикалық талдаулар жасалды.

**Түйін сөздер:** этномәдени семантика, материалдық мәдениет, этнография, рухани-мәдени қазына, дәстүрлі өнер.

P.N. Shoibekov, E.A. Utebayeva\*

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: [elmira\\_abdigali@mail.ru](mailto:elmira_abdigali@mail.ru)

### Kazakh traditional art of felt carpet

The article reveals the history of the formation and features of the formation of the traditional Kazakh felt carpet (syrmak), nominational principles and ethno-cultural semantics of the types of felt carpet and their names. In addition to the practical application of the product, it was determined that the names of the felt carpet (syrmak) and the associated stable expressions and proverbs were one of the national values that served as a regulator of aesthetic, ethical, social use. The history of the origin and development of traditional Kazakh syrmaks is studied. Materials were collected on the types and components of felt carpet, their regional, generic characteristics, materials, place and purpose of use, customs and traditions, technological techniques. Depending on the types and methods of artistic expression, there are hundreds of names in our language, and some of them are still not contained in the explanatory, regional, sectoral, encyclopedic dictionaries of the modern Kazakh language.

In addition to syrmak, other rafter items, bedding and horse equipment were also identified in the article. It was investigated that the Kazakh decorative and applied art is closely connected with the art and culture of other ethnic groups of the Turkic world, and the technology of the development of the art of quilting felt carpet was laid back in ancient historical times. The ethnocultural semantic analysis of the artistic and cognitive nature of the traditional Kazakh felt carpet of art in the Turkic culture is carried out.

**Key words:** Ethno-cultural semantics, material culture, ethnography, spiritual and cultural heritage, traditional art.

Р.Н. Шойбеков, Э.А. Утебаева\*

Институт Языкознания им. А. Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: elmira\_abdigali@mail.ru

### Казахское традиционное искусство войлочного ковра

В статье раскрываются история становления и особенности формирования традиционного казахского войлочного ковра (сырмака), номинационные принципы и этнокультурная семантика видов войлочного ковра и их названий. Кроме практического применения изделия, было определено, что имена войлочного ковра (сырмака) и связанные с ним устойчивые выражения и пословицы являлись одной из национальных ценностей, служивших регулятором эстетического, этического, социального использования. Изучена история возникновения и развития традиционных казахских сырмаков. Были собраны материалы по видам и составным частям войлочного ковра, их региональным, родовым особенностям, материалам, месту и назначению применения, обычаям и традициям, технологическим приемам. В зависимости от видов и способов художественного выражения в нашем языке существуют сотни наименований, и некоторые из них до сих пор не содержатся в толковых, региональных, отраслевых, энциклопедических словарях современного казахского языка.

В статье, кроме сырмака, были выявлены и другие стропильные вещи, постельные принадлежности и конское снаряжение. Было исследовано, что казахское декоративно-прикладное искусство тесно связано с искусством и культурой других этносов тюркского мира, а технология развития такого искусства, как стегание войлочного ковра, была заложена еще в далекие исторические времена. Проведен этнокультурный семантический анализ художественно-познавательного характера традиционного казахского войлочного ковра как искусства в тюркской культуре.

**Ключевые слова:** этнокультурная семантика, материальная культура, этнография, духовно-культурное достояние, традиционное искусство.

### Кіріспе

Түркі дүниесіндегі қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ғасырлар бойы дамып, қалыптасып және ежелгі көшпенділер дәуірінде ерекше өркендеп дамыды. Кез келген ұлттың заттық (материалдық) мәдениеті ең алдымен тілдің сөз байлығынан айқын аңғарылады. Өйткені ақиқат дүниенің бейнесі санада сөз арқылы «тіркеліп», ұғым, түсінік болып қалыптасады. Қазақ қоғамы да, әрине, өзінің ұлттық кодын, тұрмыс-тіршілігін, асыл арманын, елдігі мен ерлігін, жақсысы мен жаманын, өнегесі мен өсиетін сөзбен өрнектеген. Кез келген қолөнер шығармасы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі әрі халық талғамының, қоғамдық, әлеуметтік жағдайының, діни сенімінің, тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүрінің айқын көрінісі. Қазақ тұрмысында *сырмақ* кез келген отбасында болған. Себебі сырмақ сыру өнері қазақ даласында кең тараған. Сырмақ – киіз үйдің сәнін келтіріп, қазақ әйелінің эстетикалық талғамын көрсетеді.

*Сырмақ* атауы көне түркі тіліндегі SIRI («крепко пришивать, стегать») сөзінен шыққан (ДТС, 1969: 505).

Академик Ә.Т. Қайдар бұл сөздің төркіні туралы «*Сыр* (SIR) VI (=сыры) – стегать, сшивать стежками», – деп жазған болатын (Қайдар, 1986: 279).

XI ғасырда жазылған «Диуани лұғат-ат-түрк» атты энциклопедиялық еңбекте «Қыз анасына кідіз сырышды» деген сөйлем кездеседі. Бұл қазіргі қазақ тілінде «Қыз анасына киіз сырысты» дегенді білдіреді (Қашқари, 1997: 124).

Бұйымды дайындауда қолданылатын *сыр*, *сыры* тәрізді технологиялық тәсіл атаулары басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Мәселен, татар тілінде *сырма* сөзі «сырып тіккен» (сырма юрган (жуырқан), сырма чалбар (шалбар), сырма бишмәт) және «сырып тігілген қысқа, жылы сырт киім» деген мағыналарда қолданылады (Татар теленең аңлатмалы сүзлеге, 1979: 704).

Ал, татар тілінің қолөнер лексикасын зерттеуші К.Р. Рәхимова тігістің бұл түрін «*Тунчу // сыру* – вак-вак чәнчеп, жөй араларын тигез итеп тегеп чығу» (жиі-жиі шаншып, араларын тегіс етіп тігіп шығу), – деп түсіндіреді (Рәхимова, 1983: 84).

Түрікмен тілінде тігудің бұл тәсілі *сырмак* деп аталады (*ёрган сырмак* – көрпені сырып тігу) (Татар теленең аңлатмалы сүзлеге, 1968: 607).

Башқұрттар бұл тәсілді *һырыу* деп атайды (һырылған бишмәт – сырылған бешпет, юрган һырыу – жуырқан (көрпе) сыру) (Русско-Башкирский словарь, 1948: 769).

Бұрынғы башқұрт ауылдарында шеберлердің кәсіби жіктелісін білдіретін *һырыусы* атауы қолданылған. Ол туралы зерттеуші: «В башкирских аулах существовали опытные мастера – стегальщики (һырысуы)», – деп атап өтеді (Шитова, 2006: 42).

Қазақтың сырмағы қырғыз тілінде *шырдақ* деп аталады (Юдахин, 1965: 922). Қырғызстанның оңтүстігінде *шырдамал* дейді. Бұл туралы және бұйым атауының шығу төркіні мен аталмыш төсеніш бұйымның атқаратын қызметі мен оның Орта Азия халықтарында кездеспейтіндігі жөнінде белгілі этнограф С.М. Мұқанов былай деп тұжырымдайды:

«Махмұд Қашқаридің» (XI ғ.) сөздігінде «SĪRĪ» – «тығыз тігу, сыру» дегенді білдіреді, одан қазақтың *сыру* – «сыру, бір нәрсені сыру» және киіз сырмақтың атауы *сырмақ* пайда болған. «Ежелгі түрік сөздігін» құрастырушылар сол ортағасырлық автордың мәтінін «SĪRĪŠ» формасын түсіндіру үшін «SIRI»: «Qiz anasina kibiz sirišdi» және «қызы анасына киізді (киіз үйді) нығайтуға көмектесті» деп аударады. Біздің ойымызша, бұл сөз тіркесін «қызы анасына киізді сыруға көмектесті» деп аударылуы керек.

Киіз кілемнің яғни сырмақ сырудың басты белгісі – сыру техникасы (тігу және сыру).

Бірқызығы, қазақ сырмағы мен қырғыздардың *шырдақ* киіз кілемінің арасында ұқсастықтар бар. Орта Азия халықтарына мозаикалық киіз кілемдерінің технологиясы мүлдем таныс емес екені белгілі.

Сырмақ еденге жайылып, сонымен қатар тұрғын үйдің, төсек-орынның сәндік қабырғаларын безендіретін утилитарлық мағынаға ие (Муканов, 1981: 148).

## Материалдар мен әдістер

Сырмаққа байланысты атаулар құрамында мәдени ақпараттар да аз кездеспейді. Олай болса, сырмақшылыққа байланысты лексиканың қазақ тілінің енді ғана қолға алынып жатқан лингвомәдени сөздігін жасауға және қазақ тілінің ұлттық корпусында сөздің тілдік семантикасымен бірге оның мәдени семантикасын ашып көрсетуге айтарлықтай септігін тигізері сөзсіз. Осы жағынан алғанда оларды жинап-теріп, тиісті талдау жасаудың қаншалықты маңызды екендігі айқындала түспек.

Оның өзі дәстүрлі сырмақ түрлері мен құрамдас бөліктеріне, олардың аймақтық, рулық ерекшеліктеріне, материалдарына, қолданылатын орны мен мақсатына, салт-дәстүрге қатысына, технологиялық әдіс-тәсілдеріне қарай материалдарды жинақтап, этнолингвистикалық сипаттама беруді қажет етеді. Сондықтан қазіргі қазақ этнолингвистика ғылымы алдында жинақталған тәжірибені теориялық әрі практикалық тұрғыдан тиянақтап қорытындылау, тиісті ғылыми талдау жүргізіп, соның негізінде тіл бірліктерін этномәдени семантикамен анықтап белгілеу міндеттері қойылып отыр. Этнолингвистика саласы біздің көбінесе тілдің осы қасиетін зерттеуге, халық тілінің байлығын мүмкіншілігін толық қамтып, оның ішкі мазмұнына терең үңіліп, қыр-сырын анықтай түсуге бағыттайды.

Сырмақ атауының технологиялық тәсілге орай қалыптасқандығы жоғарыдағы еңбектерден басқа Ә.Х.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов, Ә.Тәжімұратовтың және т.б. зерттеушілердің кітаптарында да айтылған.

Алайда, сырмақтан басқа да сырып тігілетін киім-кешек, төсек-орын жабдықтары мен ат жабдықтары да аз болмаған. Соған орай ондай зат-бұйымдарды *сырма байпақ//сырмалы байпақ, сырма тақия//сырмалы тақия, сырма тоқым//сырмалы тоқым, сырма шалбар//сырмалы шалбар, сырмалы астар, сырмалы көрпе, сырмалы кеудеше* және т.б. деп атайды. Оның үстіне халық тілінде, мәселен Қызылорда өңірі мен Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінде, *сырмақ* «ішіне мақта салып, сырып тігілген шапан» деген мағынада да жұмсалады (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2015: 631).

Мысалы, жазушы А. Тоқтамағамбетовтің шығармаларынан мынадай этнографиялық мәні бар деректер кездеседі: «Күздік биқасап *сырмаған* жамылған Жүсіп те шыққан екен (Жыр күмбезі, 142)» немесе: «Қара айғырды әкеліп ишанға мінгізгенде, ол нағыз Әзірет Әлінің дүлділіне мінгендей насаттанып кетіп еді. *Жібек сырмақ*, биқасап шапанның етегі делендеп, астындағы семіз қара айғыры оскырып шыға келді (Жыр күмбезі, 179)».

Мындаған жылдар бойы қалыптасып, сәнді төсеніш ретінде қолданылатын сырмақтың балама атаулары мен түрлеріне қатысты кәсіби сөздер аз болмаған. Мысалы: *сырдамал, сырдақ, қолша, бітпес, төр сырмақ, көш сырмақ, от сырмақ, кестелі сырмақ, қара сырмақ, жамбас сырмақ, жасау сырмақ, құрақ сырмақ, төсек сырмақ, киіт сырмақ, жұп сырмақ, қызыл*

*сырмақ, кілемше сырмақ, тізе сырмақ, оюлы сырмақ, оюлы текемет*, және т.б. Осылардың ішінде *сырдақ, сырдамал, қолмиша, оюлы текемет, бітнес* деген сөздер – сырмақтың жергілікті тілде қолданылатын атаулары («сырмақ» деген мағынада жұмсалатын сөздер).

Дәстүрлі қазақ сырмақтарының пайда болуы мен дамуының ұзақ тарихы бар. Зерттеуші Ә. Ысқаққызының еңбегінен сырмақтың жасалу технологиясын аңғара аламыз. Яғни сырмақ жасауға күнделікті тұрмыстағы қарапайым заттар себеп болады екен. Ескі киіздерді қабаттап төсеп оны қобырап кетпеуі үшін қабаттап көктеп шығады. Содан кейін белгілі бір пішінге келтіріп алып төсенген. Кейін көктеуді жиі тігістерге алмастырып оны сыруға өзгерткен. Міне осылай алғашқы сырмақ пішіні қалыптасқан екен. Киіздерді де әжетке жарата білген қазақ кесек киіздерден қабаттап сырып олардан шағын төсеніштер жасаған. Әрине, алғашында мұндай сырмақтар орта салынбай жасалған. Бүтін күйінде ығына қарай сырып сол кезеңдегі ентаңбалар, белгілер, нанымдар бойынша өрнектер түсіріліп жасалған.

Қабатталған киіздердің жиектерін жөрмеп, оның төрт шетін де берік етіп, сырудан кейінгі сызықтарға сыру түсірудің нәтижесінде сырмақтың ортасынан төртбұрыш шығарылған. Мұндай сырмақ киіздер бір түсті (ақ не қара) болды.

Осыдан кейін есілген жуантық жіппен сырмақтың шетін *жияды*. Уақыт өте ақ және қара түсті жүндерді пайдаланып, яғни қарамақарсы түстерді *шабыстырып* қолданудың негізінде сырмақтың шетін *жиектеу* тәсілі енгізілді. Сырмақтың ішкі бет жағына да жиек басылып бетіне ішкі-сыртқы төртбұрыштар түсіріліп, жиектерінің ара-арасы сырылып отырған. Бұл *сулар тарту* арқылы жасалған тәсіл.

Кейін сырмақшылықтың дамуына байланысты оны берік етіп жасаумен бірге көркемдеу тәсілі қолданыла келе сыру өрнектеуге жаңарды. Алғашқы кезде өрнектеу *жиек басу* арқылы өрнектелді. Ерте заманнан-ақ жүнді рауғаш ніліне қандырып бояудың нәтижесінде сары түсті анықтады. Шеберлер ақ пен қара түске енді сары түсті де қосып шеберлікпен ұштастыра пайдаланады.

Міне осылайша сырмақты алдымен жиектеу арқылы оны біріншіден, сырды, екіншіден, көркемдеді. Демек, сырмақшылық өнерінде сол кездегі қолда бар материалдар негізінде парасатты аналарымыз жиек басу тәсілін шебер пайдаланып, сол кездің аса сәнді сырмақтарын жасаған.

«Осылайша сыру және жиек басын сырмақ жасау қалыптасты. Алайда, сырмақты бүтін күйінде сырып, оны жиектеп өрнектеу қиындық туғызды. Бір түсті тұтас киізді түрлеуге де жағдай болмады. Тек екі түрлі (ақ, қара) пайдаланылатындықтан сырмақты тұтас жасау үлгісіне өзгерістер жасалды. Қара түске ақ түсті киізден, ал ақ түсті киізге қара түсті киізден кез келген көлемде орта және шет салып құрады. Осылайша түр шығарып, өңдерді шабыстырып жасау пайда болды. Қолайлы әрі ыңғайлы дағды тауып жеке-жеке жиекпен өрнектеп сырып қосып жасауды ойлап тапты десе де болады. Сырмақ жасаудың әртүрлі тәсілі сараланып бүгінгі тұрмыста қолданылып отырған екі жаны, ортасы және екі басы бар дәстүрлі сырмақ үлгісі пайда болды. Жүн бояу, киіз бояу, жиек бояу технологиясы біріктіріліп сырмақтар әртүрлі алуан жиектермен безендіріліп түрленді және боялған жүндерден түрлі-түсті өрнектелген дәстүрлі сырмақтар жасалды. Осы кезеңнен бастап сырмақтардың ою-өрнегі, жасалу мәнерінде сапалық өзгеріс туындады. Ол аралықта сырмақ жасау өнері айшықталып түрлене түсті және сапалы сырмақтар дүниеге келді. Сонымен қатар сырмақтар материалына, қолдану орнына, жасалу әдістеріне қарай неше алуан түрге бөлінді» (Ысқаққызы, 2007: 111-115).

Зерттеушінің бұл пікірі орынсыз емес, өйткені шынында да сырмақшылық өнерінде, *желі* сөзінің қатысуымен жасалған халықтық терминдердің мол екендігі байқалады.

Киіз бұйымдарының ерте заманнан бері қолданылып келе жатқаны тарихи-этнографиялық еңбектерде атап айтылады. Алайда, жүннен жасалған бұйымдардың бәрі бірдей бір уақытта пайда болмағаны белгілі. Бұлардың ішіндегі ең көнесі көшпелі тұрмыста қазақтың дәстүрлі киіз үйінің шығуына, қалыптасуына негіз болған, сырт киімдер тігілген қой жүнінен басылған киіздер болса керек. Өйткені киіз үйдің сыртқы жабындары (туырлық, үзік, түндік), түгелдей кереге ішінен жылылық үшін тұтатын тұскиіздер мен сыз өтпеу үшін қолданылатын төсеніштер қара және ақ түсті киіздердің өзінен ғана дайындалған. Кейін бұлардың қай-қайсысы да ою-өрнекпен, тігу тәсілдерімен көркемделіп жасалатын болды.

Түсіне қарай таңдап алынған бірыңғай түсті (ақ, қара, қоңыр) қой жүнінен басылған, көлемі жүн тартатын шидің көлеміне байланысты болып келетін қол еңбегінің өнімі *киіз* деп аталады. Оның төсеніш ретінде де, киіз үйдің жабыны ретінде де маңызы болды. Кейінірек бүтін киізді

кесіп-пішіп әртүрлі тұрмыстық бұйымдар мен киім түрлері де тігілді. Сондықтан бір түсті киіз кесегі әртүрлі бұйымдарды дайындау барысында қолданылатын негізгі материалдардың бірі болды.

Киіз, әдетте, қалыңдығы мен көлемін мөлшерлеп жүннен басқан жалаңқабат немесе бірқабат бұйымға жатады. Киіз үйдің еденінен сыз өтпеу үшін оны қабаттап төсей береді. Ал, киіздің үстіне салатын оюлы сырмақ пен керегеге тұтатын тұскиіз бір қабат киіздің өзінен ғана тігілмейді, оның беті және астары болады. Яғни олар екі қабаттан тұрады. Бұның өзі тарихи жағынан сырмақ пен тұскиіздің киізден кейін шыққанын көрсетеді. Бір қабат киіздің ел арасында ою-өрнек салып басқан түрі текемет те (оны кейбір аймақта *алакиіз* деп атайды) сырмақ пен тұскиізден бұрын қалыптасқан. Өйткені оның ою-өрнегін киіз баспай тұрып жүннің бетіне басқа түсті жүннен шүйкелеп тұр салып бір-ақ басқан. Кейінірек текеметтің түрі (оюы) талдырмадан салынса да, киіздік жүнмен қысылып бір-ақ басылған. Қысқасы, текемет (жергілікті тілде *алакиіз*) құрастырылып жатпайтын бір бүтін бұйым болып шыққан. Ал, сырмақ пен тұскиіз екі не бірнеше дайын материалдардан ою құрастырылып, астарланып, міндетті түрде сырылады. Басқаша айтқанда күні бұрын дайындалған оюлардың құрастырылуы, сырып тігілуі, астарлануы, сырмақ пен тұскиіздің киіз бен текеметтен негізгі технологиялық айырмашылығын көрсетеді. Ал киізде де, текеметте де ешқандай тігіс түрі қолданылмайды, тек жүн қалыптасқан дәстүрлі технологиялық тәсілдермен басылады.

Бұдан кейінгі зерттеуші А.А. Әлімжанованың еңбегінде де сырмақтың шығу тарихы туралы осығанұқсас пікірлер айтылады және жоғарыдағы авторлардың қолданған терминдеріне өз тарапынан түсініктеме беріледі. Мысалы: қарама-қарсы (ақ/қара) түстерді қиыстырып келтіру арқылы *шабыстырып қолдануды*; әртүрлі жіппен тігіп жиек салу, көмкеру арқылы *жиектеуді*; оюды алма-кезек түсіру үшін бүкіл ою тұлғасының желісін үзілдірмей ұластырып салу арқылы *жиектеуді* сипаттады. Зерттеуші *суды* – бүкіл ою тұлғасының сабағы, желісі, өзегі деп қарастырады. Ал сырмаққа қатысты *желі* атауы көп қолданылады. Кесте өнеріне қатысты мұндай желіні *суы* деп атайды.

Қазақтың дәстүрлі сырмағының ою-өрнегі *желі (суы)* арқылы жасалады (Әлімжанова, 2014: 96).

Зерттеушілердің бұл пікірі орынды деп санауымыз керек, өйткені шынында да желі сөзінің қатысуымен жасалған халықтық терминдер көп-ақ. Киіз төсеніштердің ерте замандардан бері қолданылып келе жатқаны даусыз.

## Нәтижелер мен талдаулар

Сырмақтың түрлері мен көркемдеу тәсілдеріне байланысты тілімізде жүздеген атаулар бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Мәселен, Ж.Бабалықұлының «Сырмақ» атты мақаласында көпшілікке беймәлім 40-қа жуық төмендегідей атаулар қолданылады.

Ол атаулар он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде, он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» және біртөмдік үлкен «Қазақ сөздігінде» де кездеспейді: *төсек сырмақ, төрткүл сырмақ, ойыстыру, ақ сырмақ, жамбас сырмақ, қара сырмақ, қара ала сырмақ, жақауы, сырмақтың төсегі, сырмақ киіз, жақтау өрнегі, сырылу, от сырмақ, тері сырмақ, қызыл ала сырмақ, сары ала сырмақ, көк ала сырмақ, тұтас ою, шеттеп ою, жиек жіп бастыру, киіз ою, сыртқы ою, ішкі ою, киістіру, сіңіріп тарту, қос жиек, қос жиек бастыру, сыңар жиек бастыру, астарлау, шырыштап жөрмеу, орайпек, сіргеше жөрмеу, асықша жөрмеу, тарақша жөрмеу, сіргеше жөрмеу, асықша жөрмеу, тарақша жөрмеу, торлап жөрмеу, жақтауы бөлек, таңдайша бау, алағұрт бастыру және т.б.* (Бабалықұлы, 1990: 24-31).

Қазіргі сөздіктерге енгізуге болатын атаулардың мол тобын «Сырмақ өнері» атты еңбектен табуға болады. Мысалы: *кестелі сырмақ, төсек сырмақ, шашақты сырмақ, жасау сырмақ, бұршақ желілі сырмақ, керей сырмақ, найман сырмақ, албан сырмақ, уақ сырмақ, төре сырмақ, қызай сырмақ, кілемше сырмақ, ақ сырмақ, астауша ою, тегеш ою, құсмұрын ою, шаршы ою, кебеже ою, тұртқұлақ, тармақты мүйіз, тұлғамүйіз, төртқұлақты төбелмүйіз, бізкестелі төсек сырмақ, от сырмақ, отбасы сырмақ, тізе сырмақ, сұпы киіз, оңқай шүйкелеу, шабыстыру, су тарту, жиек басу* т.б. 100-ден астам сөз бен сөз тіркестері кездеседі.

Бұл келтіріліп отырған сөздер мен сөз тіркестері – қазіргі қазақ тілінің түсіндірме, аймақтық, салалық, энциклопедиялық сөздіктерінде әлі күнге дейін қамтылмай келе жатқан тіл байлығы.

*Дәстүрлі сырмақ түрлері.* Сырмақ түрлерін ажыратуда, топтастыруда олардың көлемі, түр-

түсі, үлгісі, қолданылатын орны, мақсаты тәрізді белгілер негізге алынған.

*Сырмақтың көлеміне байланысты түрлері.* С. Қасиманов қазақ сырмағын көлем жағынан 4 түрге бөліп қарастырады. Бірінші әрі ең үлкені – көш сырмақ. Көшіп-қону кезінде жүк артылған түйенің үстіне жабуға арналған сырмақ. Оның жалпы көлемі 3-5 метрді құрайды. Екінші сырмақ түрі – төсеніш сырмақ. Жалпы көлемі 3-3,5 метр. Төсеніш сырмақтар киіз үйдің төрі іспеттес ірге жағы етекте дөңгеленіп келеді де, от жағы бүріліп, тарыла дөңгеленіп от басы мен төрге дәлденіп жасалған. Ол киіз үйдің төрінің от жағына жалғастырыла төселеді. Үшінші сырмақ түрі – төр сырмақ. Жалпы көлемі 2-5 метр. Төр сырмақ әрі жиекті, әрі оюлы сырмақ. Аты айтып тұрғандай сыйлы қонақтар келгенде төрдегі жалпы төсеніш киіздің үстіне салады. Оның үстіне қонақ көрпе салынады. Төртінші сырмақ түрі – төсек сырмақ. Жалпы көлемі 2-2,5 метр. Жертөсектің орнына немесе төсектің алдына төселеді. Сырмақтардың 1-1,5 метрлік шағын түрлері де бар. Олар біркісілік сырмақ деп аталады. Мұндай сырмақтардың ені тарлау болады. 1,5-1,7 см шамалас. Ал ең ұзыны 3 метр, тіпті одан да артық болады (Қасиманов, 1969: 57-58).

Осындай пікір зерттеуші Э. Тәжімұратовтың еңбегінде де кездеседі (Тәжімұратов, 1977: 38).

*Сырмақтың түсіне байланысты атаулары.* Сырмақ бетінде қай түстің басым болуына қарай *ақ сырмақ, қара сырмақ, қызыл сырмақ, ақ ала сырмақ, қара ала сырмақ, сары ала сырмақ, көк ала сырмақ, қызыл ала сырмақ* болып келеді.

Ш. Тохтабаева сырмақтың түсіне байланысты аталуы негізгі төсегіне байланысты екенін айтады. Ақ сырмақтың беті шымқай ақ киіз, оның бетіне біртүсті матадан оюлы өрнек жапсырылады. Оюның шеттері бір түсті сыңар жиек жіппен жиектеліп сырылады. Қара сырмақтың беті шымқай қара киіз болады. Оған бір түсті матадан ою-өрнек жапсырылып, ою шеттері біртүсті жиек жіппен жиектеліп сырылады. Кейде *ақ сырмақ* пен *қара сырмақтың* бұдан басқа ортасына бір түсті, жақтауына басқа біртүсті матадан ойылған оюлар жапсырылып, ою шеттері жиектеліп келетін түрі де бар. Киіз сырылып сырмақтардың үстіне матадан ою жапсырылады. Киіздің өңіне қарап *ақ сырмақ* немесе *қара сырмақ* деп атайды. Сырмақ киіз өлшемі пішілген соң сол киіздің үстіне шақталған бір түсті матаға басқа түсті матадан оюлы өрнек ойылып жапсырылады. Содан соң осы матамен киіз бетін тұтас қаптайды. Ою шеттерін қуалай сыңар жиек жіппен жиектеп, әрі сырып

шығарады. Мұндай сырмақтың үстіне тұтас қапталған матаны өңіне сәйкес түстеліп атайды (Тохтабаева, 2002: 25).

Мәселен, ақ киіздің беті солғын түсті жіптермен оюланып, жиек басылған, киізі көзге ақ болып көрінетін төсеніш *ақ сырмақ* деп аталады. Сырмақ сыруға түйенің шудасынан иірілген жіп ертеден жиі қолданылып келеді. Кейінгі уақыттарда түсті жіптер қолданылатын болды. Соған орай ақ киіздің бетіне әртүрлі түсті матадан ою басылып сырылса да, кестеленіп, жиек басылса да олар ақ сырмақ деп қолданылып келеді.

Ал, сырмақтың қара киізге қара шуда жіппен ою-өрнек жүргізіліп сырылғаны да, сонымен бірге ою-өрнегі түрлі-түсті жіптердің бірімен сыңар жиек арқылы түсірілген түрі де *қара сырмаққа* жатады. Қысқасы, сырмақ атауларының бір тобы оған төсек (негіз) болған киіздің немесе киіз бетіне тұтас қапталған мата түсінің ою-өрнекке қарағанда басым болып көрінуіне байланысты қалыптасқан.

*Ақ сырмақ* атауының этномәдени мазмұнына келсек, қазақ халқының бұрынғы ғұрпында үй іші төсенішінің, яғни үй мүліктерінің де белгілі бір жас мөлшеріне қарай арнайы адамдары болған. Мәселен, қазақ халқының ескі ғұрпында ақ сырмақты көп жағдайда күйеуі бұрын келмеген оң жақта отырған қыздың астына немесе қара жамылған, жоқтау айтып отырған жесірдің астына төсейтін болған (Қасиманов, 1969: 58).

Бірыңғай ақ және қара түсті киізден ойылған оюларды бір-біріне келтіріп сырып тіккен төсенішті *қара ала сырмақ* дейді. Бұны дайындау технологиясына қарай *ойыстырылған сырмақ* деп те атайды. Екі түрлі ойылып, киізбен астарланатын қара ала сырмақ екі тәсілмен дайындалады. Бірдей өлшемде пішіп алынып, беттестіріліп көктелген үстіңгі ақ немесе қара бетіне ою-өрнекті үзілдірмей тұтас шығарып сырылған көркемдеу тәсілі *тұтас ою* деп аталады. Сонымен бірге ою салудың *шеттеп ою* деп аталатын тәсілі де қолданылады. Бұл тәсіл бойынша ойылып алынған бір бөлшек сырмақтың ортасына ойыстырылады. Бұны *орта ою* дейді.

Одан соң оның төрт жағына ақ және қара киізден кесіліп жабыстырылған оюлар жиектеліп, артынан сырылады. Бұны *шет ою, жан ою, алақан ою* деп атайды.

Өйткені дәстүрлі сырмақ *екі жаны, екі басы, ортасы* деп аталатын бес бөліктен тұрады. Бұл сырмақтың екі басының оюын *алақан ою* дейді (Бісқакқызы, 2007: 152).

Ал, *көк ала сырмақ* деп «көк, яғни, жасыл түсті оюлары басым болып келетін немесе көк жасыл негізгі болып тұратын төсенішті, *сары ала сырмақ* деп, негізінен сары киіздің түсі басым болып көрінетін төсенішті атайды» (Өлімжанова, 2014: 131).

Көк немесе жасыл киіздер негізгі таған болғандықтан *көк ала сырмақ*, сары киіздердің өңі жеңіп тұрғандықтан *сары ала сырмақ* деп атайды.

Сәнді сырмақтың *қызыл ала сырмақ* деп аталуы да осындай белгісіне, яғни, төсеніш бетінің басым түсіне байланысты қалыптасқан.

Бұл мысалдар сырмақтың тек табиғи ақ немесе қара жүннен басылған киізден жасалып қоймай, боялған киіздерден де оюланып, сырылып тігілгендігін көрсетеді. Бұл, әсіресе, кілем үлгісімен жасалған, ойыстырылған сырмақтар мен баспа кестелі сырмақтарда анық байқалады. Айталық, этнографиялық деректерге қарағанда, баспа кестелі шаршы сырмақтардың киіздері алдын ала түрге боялып дайындалады да көлемі ұқсас етіп пішіліп, әрбір шаршыға өрнек сызылып, оның үстіне боялған жүн жіптермен (сабақ жіптермен) кестеленеді (жіптер де киізбен бірге алуан түрге боялады). Түр жіптер шаршы киіздің өңіне қарай таңдалады. Мысалы: күлгінге көк, жасылға қызыл, сарыға қызыл, қызылға жасыл түсті жіптер кестеленеді. Әрбір шаршы жеке-жеке кестеленіп, кестелер айқындала түседі (Ысқаққызы, 2007: 187).

Әр алуан түспен түрлендірудің символдық мәні болды. Басты сәндік құралдарының бірі түр-түс болған. Адамға белгілі бір психологиялық, яғни мінез-құлыққа әсер ете алатын түс идеялық-мәндік сипатымен айқындалған. Қолданысқа ие болған әрбір түске қарай оның символикалық маңызына қарап нақтылы мағына берілді. Ақ түс – молшылық, бақытты тұрмысқа баланды. Қызыл түс – алаулаған отқа, өмірлік нақты күшке, ал сары түс – жарқыраған күнге баланса, жасыл түс – бүкіл өсімдік әлеміне балама ретінде аталды. Көк түс – бүкіл түрік тілді халықтар «көк тәңірін» басты діни дәстүріне балаған аспан символы. Бұл түске ерекше құрмет көрсетті (Тохтабаева, 2005: 127-138).

*Сырмақтың кеңістікте қолданылатын орнына қарай бөлінетін түрлері.*

Сырмақтар сәнді төсеніш ретінде қолданылуымен бірге шаң-тозаңнан қорғайтын әрі сәндік қызмет атқаратын жапқыш түрінде де жиі пайдаланылады. Әдетте, төсекағаштың үстіне адам жатып демалатын, ұйықтайтын төсек салынады. Төсек жерге салынса, оны *жертөсек*

дейді. Төсекағаш үстіндегі төсектің үстіне салатын сырмақты *төсек сырмақ* деп атайды. Төсек сырмақ төсектің көлеміне, яғни, ені 90-110 см, ұзындығы 2 метрдей өлшемде, негізінде, кестелеу әдісімен жасалады. Кестелеуге қолайлы болу үшін бұған көбінесе мата қолданылады. Матаның беті біз кесте немесе баспа кесте тәсілімін көркемделеді де, оқа бастырылады, ақ киізбен астарланады. Дегенмен, кейде киізден ойыстырылып тігілетін төсек сырмақтар да кездеседі. Осыған орай төсек сырмақты *кестелі төсек сырмақ*, *баспа кестелі төсек сырмақ*, *біз кестелі төсек сырмақ*, *ойыстырылған төсек сырмақ*, *оюлы төсек сырмақ* деп атайды.

Төсек сырмақты *дебіске сырмақ* деп те атайды. Бұл сырмақты төсектің үстіне немесе төсек алдына жас келіншектер мен күйеу жігіттерге төсеген. Дебіске сырмақты тұскиіз орнына да пайдаланғаны жазылған (Қасиманов, 1969: 58).

Сәнділігі кілемнен кем түспейтін *көш сырмақ* аталатын бұйым көш көлігінің, түйе жүгінің үстіне жабу үшін арнайы дайындалған. Ол көш салтанатын арттыра түсетін бұйымдардың бірі болды. «Көш сырмақтарының ұзындығы екі-үш құлаштай, яғни қалыпты түрінен әлдеқайда ұзындау болып келеді. Көш сырмақты жасау үшін екі түсті шаршы киізді беттестірген соң өрнегін ойып алады. Пайда болған екі түсті оюлар бір-біріне симметрия болғандықтан, өзара дәл қиюласады. Ою-өрнектің қиюласқан тұсын бойлай қос тінді жіп бастырылып тігіледі. Бұл үрдіс *жиектеу* деп аталады. Тағы бір ерекшелігі – бұйымның шетіне жібек немесе зерлі жіптерден шашақ төгіледі.

ҚР МОМ қорындағы мұндай *көш сырмақтың* (КП 9702) көлемі 186x382 см, ақ және қоңырқай түсті киізден өзара қиюластырылып жасалған. Астарына қоңыр түсті киіз қабатталып сырылған. Беттестіре негативтік-позитивтік тәсілмен қиюластырылған сырмақ симметриясы екі бөліктен тұрады. Ортасында тармақты мүйіз өрнегі, ал шетінде гүлқауызы мен бәйшешек өрнегі салынған. Қиюластырылған екі түсті киіздің түйісіне қызыл түсті қос жиек бастырылған. Көш кезінде түйе артылған жүк, тендердің үстінен жабылған мұндай көш сырмақ екі жағынан да қарағанда бірдей тәрізді көрінеді (Шойбеков, 2017: 367).

Көш сырмақты күнделікті тұтынбаған. Бір тұтынар бұйым ретінде жай кезде бөлек сақтаған. Тек үйге қонақ келгенде анда-санда ғана төселген.

Сырмақтардың ішіндегі бір түсі бір түсін ашып тұратын ең әдемісі жерге үнемі төселмей,

шиыршықтап оралған күйінде бөлек тұрады. Оны тек қонақтар келгенде төрге төсейді, үстіне көрпеше салады. Оны *төр сырмақ* дейді. Киіз үй ішінде жағылатын отқа жақындатып, оны айналдыра салып отыратын сырмақтар *от сырмақ* деп аталады. Оны кара киіздің үстіне салады. Қағып сілқуге қолайлы болу үшін көлемін шағындау етіп жасайды. Кейбір өңірде бұл төсенішті *от киіз*, *сұты киіз* деп атайды.

Үлкен ордалардың ішіне төселетін сырмақ түрлері де көлемді болып келеді. Сонымен бірге қазіргі кезде оның есігінің алдына *аяқжол* деп аталатын ұзын сырмақтар төселген.

Ысқаққызы аяқжолды – ордаларға кіруге арналған жолға салынатын ұзын төсеніш ретінде сипаттайды. Аяқжолды алаша, кілемдермен, тіпті кестелі қалың кездемелермен қаптатып киізден де жасалған. Аяқжолды арнайы төрелер мен бай, билердің келін түсіру, қыз ұзату тойларына шеберлер жасаған. Торғын-торқа, жібек кездемелерден келін отауына дейінгі 40 метрлік аралыққа, тіпті одан да ұзақ аралыққа аяқжолды төсеген. Ол қазіргі күнде үйге кіретін залдарға да төселеді. Оны оюлы, кестелі етіп сәнді жасайды» (Ысқаққызы, 2007: 140).

Қызды ұзатарда аяғының астына ақ жол тілеп төсейтін бүгінгі күнде «ақ жол» деп атап кеткен төсеніш те өз құндылығын жоғалтқан жоқ.

*Сырмақтың кімдерге арналғанын білдіретін түрлері.* Қазақ сырмақтары белгілі бір мақсатпен әртүрлі жастағы адамдарға арналып дайындалады. Олардың қатарына *жасау сырмақ*, *маяуза*, *тізе сырмақ* тәрізді сырмақ түрлерін жатқызуға болады.

Қыз жасауы, әдетте күйеужігіт әкесінің беретін қалыңының (қалыңмалының) келісілген мөлшеріне қарай белгіленеді. Қыз жасауын қыз берген жақ кейде қалыңмалдың құнынан да асырып жібереді. Қырық жетіге берілетін жасау қыз жасауының айтулы түріне жатады. «Кейбір заттар тоғыз-тоғыздан болады. Ал отыз жетінің, жиырма жетінің жасауы, әрине, бұлардан едәуір кем төмен болады» (Уәли, 2017: 136-137).

Айта кету керек жасау құрамына енетін зат-бұйымдар тақ сандардан тұрады. Қазақ халқының қыз жасауына салатын дүниені жұптап жасамайтын салты болған. Төр көрпелердің саны тақ болып 3, 5, 7 немесе 9 төр көрпе әзірленген. Кейбір ауқатты отбасылар жетіден жоғары жасау жасайды. Егер жетіден жасау жасалса, онда сырмақ та, көрпелер де, жағалы киімдер де жеті-жетіден болған.

Жасауды дайындауға әрбір ата-ананың ертерек кірісетіндігіне байланысты «жасауды алтысында жисаң асады, жетісінде жисаң жетеді» деген мақал қалыптасқан. Қазақ қыздары жас кезінен-ақ киіз басу, жүн түту, сырмақ сыру, ұршық иіру, арқан есу, кілем тоқу және т.б. көре жүріп, көзі қаныққан, соларға араласып қолы үйреніп, өздері де есейе келе бұндай жұмыстарды шебер меңгерген. «*Өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сызу да сыза алмайды*» деген мақал, «*шебер қыздың қолында балдағы алтын қайшыдай*» тәрізді теңеу сөздер жасауды дайындауға қыздың өзі де қатысатынын білдіреді. Демек, бұның тәрбиелік маңызы зор болды. Шеберлікке жеткен бұндай қыздардың келін болып түскеннен кейін дұрыс ойған оюы бұруға көнбейді (дәл шығады деген мағынада). Яғни «көрмекке бар, өрнекке жоқ» деген атқа қалмайды.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, сырмақ киіз үйдің ертеде ең негізгі сәнді төсеніші болды. Оның сәнді, берік болып сырылуы уақыт пен ыждахаттылықты қажет етті. Қазақ отбасында ер бала мен қыз баланың ерекшелігіне орай бірі үйіші кәсібіне, үй шаруасын ұйымдастыра білуге, екіншісі болашақ түз адамы деп дала өміріне, түз еңбегіне жастайынан баулуға мән берілді. Сырмақ тек бір үйден басқа үйге көшетін бұйым ғана емес, ол – қызды жас кезінен еңбекке баулудың құралы болды.

Қыз жасауы туралы «алты жастан жисаң асады, жеті жастан жисаң жетеді» деген мақалда ата-ананың еңбегін ғана емес, қыздың алты-жеті жастан-ақ көмектесіп бейімделуін білдіретін этномәдени ақпарат сақталған. Жастайынан анасы мен жеңгелеріне көмектесіп сырмақтың ою-өрнегін көзбен көріп, қолмен ұстап тігіс түрлерін үйрене келе, ұзатылар жасқа жеткенде «балдағы алтын қайшы ұстаған шебер қызға» айналатын. Сондықтан сырмақ сыру өнерін отбасылық тәрбие құралы болды деп санауымыз керек. Дайын болған тұрмыстық қолданыстағы сырмақтар эстетикалық, этикалық, әлеуметтік қатынастарды реттеушілік қызмет атқарып, әрбір отбасының экономикалық жағдайының көрсеткіші болды.

Сырмаққа қатысты мәліметті толық қамту мақсатында бірнеше тақырыпшаларға бөліп қарастырдық. Түркі тілдерінің ішінде башқұрт,



татар, түрікмен, қырғыз тілдеріндегі сырмақ сөзінің айтылуы мен жазылуына назар аударып келіп, қазақ тілінде «сырмақ» сөзінің нақты мағынасы анықталды. Сырмақ атауының мәдени ақпараттарда көптеп кездесуі қалыпты құбылыс. Себебі, сырмақ сөзінің тіркесімділік қабілеті, қолданылу аясы кең. Сырмақ сөзінің балама атаулары, қолданылу тәсілдеріне жеке-жеке атау беруін басшылыққа алдық.

улары, қолданылу тәсілдеріне жеке-жеке атау беруін басшылыққа алдық.

*Мақала «BR0855530 – Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі: этносемантикалық талдау» атты гранттық жоба негізінде жазылды.*

### Әдебиеттер

- Уәли Н. (2017). Қыз жасауы. *Древнетюркский словарь*. (1969). Ленинград: Наука, 676 с.
- Кайдаров А.Т. (1986). Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата: Наука. 328 с.
- Қашқари М. (1997). Түркі тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ат-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Қазақ тіліне аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. Алматы: ХАНТ. 528 б.
- Татар теленең аңдатмалы сүзлеге. (1979). Өч томда, II том. Казан: Татарстан китап нәшрияты. 726 б.
- Рәхимова Р.К. (1983). Татар теленең һөнәрчелек лексикасы. Казан: Татарстан китап нәшрияты. 160 б.
- Түркменче-русча сөзлүк. (1968). Москва: Советская энциклопедия нешрияты. 832 с.
- Русско-башкирский словарь. (1948). Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 968 с.
- Шитова С.Н. (2006). Народное искусство: войлоки, ковры и ткани у южных башкир (этнографические очерки). Уфа: Китап. 200 с.
- Юдахин К.К. (1965). Киргизско-русский словарь. Москва: Советская энциклопедия. 973 с.
- Муканов М.С. (1981). Казахская юрта. Алма-Ата: Кайнар. 224 с.
- Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. (2015). Алматы: Арыс. 824 б.
- Ысқаққызы Ә. (2007). Сырмақ өнері. Алматы: Алматыкітап. 232 б.
- Әлімжанова А.А. (2014). Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты: монография. Алматы. 228 б.
- Бабалықұлы Ж. (1990). Сырмақ. Жүннен жасалатын бұйымдар / Құраст. К. Муканов. Алматы: Кайнар. 24-31 бб.
- Қасиманов С. (1969). Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан. 248 б.
- Тәжімұратов Ә. (1977). Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан. 96 б.
- Тохтабаева Ш. (2005). Қазақтардың қолөнерге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С. Әжіғали. Алматы: Арыс. 127-138 бб.
- Шойбеков Р. (2017). Көш сырмақ. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 856 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 832 б.

### References

- Alimzhanova A.A. (2014). Kazak tilindegi aiel kolonerine bajlanysty halyktyk leksikanyn etnolingvistikalik sipaty. [Ethnolinguistic character of folk vocabulary related to women's crafts in the Kazakh language]. Monografija. Almaty. 228 p.
- Babalykuly Zh. (1990). Syrmak. Zhunnen zhasalaty buiymdar. [Syrmak. Wool products]. /Kurast. K.Mukanov. Almaty: Kainar. pp.24-31.
- Drevnetjurkski Slover. (1969). [Ancient Turkic Dictionary]. Leningrad: Nauka, 676 s.
- Judahin K.K. (1965). Kirgizsko-russkij Slover. [Kyrgyz-Russian Dictionary]. Moskva: Sovetskaja encyclopedia. 973 p.
- Kaidarov A.T. (1986). Struktura odnoslozhnyh kornej i osnov v kazahskom jazyke. [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language]. Alma-Ata: Nauka. 328 p.
- Kashkari M. (1997). Turki tilinin sozdigi (Diwani lugat – at – turik). [Dictionary of the Turkic language (Diwani lugat – at-Turk)]. T.2. Audargan: A.Egeubaj. Almaty: HANT. 528 p.
- Kasimanov S. (1969). Kazak halkynyn koloneri. [Kazakh folk crafts]. Almaty: Kazakstan. 248 p.
- Kazak tilinin aimaktuk sozdigi. (2015). [Regional Dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Arys. 824 p.
- Mukanov M.S. (1981). Kazahskaja jurta. [Kazakh yurt]. Alma-Ata: Kainar. 224 p.
- Rahimova R.K. (1983). Tatar telenen honarchelek leksikasy. [Craft vocabulary of the Tatar language]. Kazan: Tatarstan kitap nashrijaty. 160 p.

Russko-bashkirskij slovar. (1948). [Russian-Bashkir dictionary]. Moskva: Gosudarstvennoe izdatel'stvo inostrannyh i nacionalnyh slovaroj, 968 p.

Shitova S.N. (2006). Narodnoe iskusstvo: vojloki, kovry i tkani u juzhnyh bashkir (etnograficheskie ocherki). [Folk art: felts, carpets and fabrics from the Southern Bashkirs (ethnographic essays)]. Ufa: Kitap. 200 p.

Shojbekov R. (2017). Kosh syrmaq. Kazaktyn etnografijalyk kategorijalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi. [Kosh syrmaq. [The traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs]. Encyclopedia. T.3. Almaty: TOO «Alem Damu Integracija». 856 p.

Tatar telenen anlatmaly sozlege. (1979). [Explanatory dictionary of the Tatar language]. T.2. Kazan: Tatarstan kitap nashrijaty. 726 p.

Tazhimuratov Э. (1977). Sheberdin koly ortak. [The master's hand is shared]. Almaty: Kazakstan. 96 p.

Tohtabaeva Sh. (2005). Kazaktardyn kolonerge bajlanysty adet-guryptyary men salt-dasturleri. Kazak halkynyn dasturleri men adet-guryptyary. [Traditions and customs of Kazakhs related to crafts. Traditions and customs of the Kazakh people]. T.1. /Kurast. S.Azhigali. Almaty: Arys. 127-138 p.

Turkmenche-ruscha sozluk. (1968). [Turkmen-Russian dictionary]. Moskva: Sovetskaja enciklopedija nashrijaty. 832 p.

Uali N. (2017). Kyz zhasauy. Kazaktyn etnografijalyk kategorijalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi. [Girl making. The traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs]. Encyclopedia. T.4. Almaty: TOO «Alem Damu Integracija». 832 p.

Yskakkyzy A. (2007). Syrmaq oneri. [Syrmaq art]. Almaty: Almatykitap. 232 p.